

Кафедраның тәрбие жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылында атқарылатын жұмыстарды, іс-шараларды қосып, бекітілген. Жоспарға сәйкес эдвайзерлер жетекшілігінде әртүрлі іс-шаралар өткізілді.

Барлық топ эдвайзерлері топ студенттерімен парасаттылық, діни көз қарастың қалыптасуына ықпал жасау мақсатында және басқа дін жолында адаспау үшін тәрбие сағаттарын өткізіп, студенттер баяндамалар оқыды. Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. **«Қарттарым - асыл қазынам»** атты тақырыпта топ тәлімгері **Ибрагимова Эльмира Қоңыратбайқызы ЖБТ-211 тобымен** тәрбие сағаты өтілді.



Тәрбие сағатында «Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас - көз бола білген ауыл қарттарының орны ерекше. Олай болса әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып, оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты ойы терең ақылы телегей теңіз болып келеді» деген терең ойлы мақыл сөздер айтылды.

«Алтын күз» тақырыбында топ тәлімгері Калиева Нурзия Абдешқызы ЖБЛ-012 тобымен тәрбие сағаты өтілді.

Тәрбие сағатының мақсаты:


- табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы білімгерлердің білімдерін кеңейту;
- күз мезгілінің берекелі екенін айтып, түсінік беру, күз мезгілінің әсемдігі туралы түсінік қалыптастыру;
- білімгерлерді еңбекқорлыққа тәрбиелеу;
- экологиялық және патриоттық тәрбие қалыптастыру.

Күз осы 4 мезгіл ішіндегі ең асылы, ең әдемісі, ең алтыны болып саналады. Қырман басы тазаланып, бау-бақша жиналып, құс базары тарқайтын кез. Күз дегеніміз- қауырт еңбек кезеңі. Олай дейтініміз - бұл кезде қыс қамы жасалынады.



Күздің өзіне тән ерекшеліктері: 1) Адамдардың көбі бұл мезгілде үнатай жатады, айналасына қанағаттанбаушылық білдіреді. Болар-болмас нәрсеге мұңайып, бастарын қатырады. Күздің бірінші ерекшелігі де осы еді. 2) Күздің өзіне тән суық мінезі, иісі бар. Ешкімге мойынсұнбайтын тоңмойындығы тағы бар. 3) Күздің үшінші ерекшелігі — күзгі сарын, күздің дыбысы. Жылы жаққа ұшып кетіп бара жатқан құстардың қанат қағыстары мен қимастықпен қоштасқан үні, ағаш сыбдыры, ызғырық соққан жел, жел ырқымен қозғалған ағаш бұтақтары мен жапырақтар үні. 4) Қызыл, жасыл, сары, қоңыр сияқты түстердің алуан түрлілігі керемет үйлесім табады. Төртінші ерекшелікте осында. Күз мезгілінде ғана осыншама көп түстердің үйлесімін көруге болады. 5) Жауын-шашынның ең көп жауатын мезгілі де осы-күз. Жаңбыр ол-Алланың нұры. Бұл алтын күздің бесінші ерекшелігі. 6) Соншалық жаңбырдың, жапырақтардың мол қорын қай мезгілде көруге болады – әрине, күзде. Ағаштың алтын жапырақтары айналаны сары түске бояйды. 7) Кейбір адамдар осындай керемет ауа-райында саябаққа барып, біраз демалып, сергіп қайтқысы келеді. Себебі, тек осы мезгілде саябақтарға жаңа келбет кіреді. Бұл алтын күздің жетінші ерекшелігі. Ең бастысы, күз — бұл төрт мезгіл ішіндегі ең молшылыққа, ең тоқшылыққа толы мезгіл.

Төртінші курс студенттері «Алтын күз» тақырыбы бойынша қолдан жасалған көрнекіліктерін таныстырды. Тәрбие сағатының мақсатына сай жұмыстар жасалды. Нәтижесінде қорытынды жасалды.



«Ғылымның көкжиегі» тақырыбында топ тәлімгері Сержанова Айкерім Ерғалиқызы ЖБЛ-011 тобымен ашық тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты:

Білімділік: Табиғатты аялауға тәрбиелей отырып, оқушылардың мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру.

Дамытушылық мақсаты: оқушылардың зерттерушілік дағдысын қалыптастыру.

Тәрбиелік мақсаты: шығармашылық зерттеу іс-әрекетін дамытуға ықпал ету, негізгі және қолданбалы ғылымдарға қызығушылықты дамытуды ынталандыру және оқушылардың ғылыми-танымдық белсенділігін ынталандыру.



Жоспар:

1. Мектептің оқу-тәжірибе алаңы жөнінде кішігірім баяндама.
2. Оқытушылар мен студенттерге жасалынған суалнамаға(видеоролик) шолу жасау.
3. Топ бойынша фенологиялық бақылауға талдау жасау. 1-топ. Топырақ құрамына сай өсімдіктер өсіру. 2-топ. Тыңайтқыштардың өсімдікке әсері. 3-топ. Зиянкестермен күресу жолдары. 4-топ. Жарық, су, температураның өсімдікке әсері.
4. Фенологиялық бақылау бойынша статистика жүргізу.
5. Қорытынды.
- 6.





Сонымен, қорытындылай келе, мектептің оқу-тәжірибе алаңы мектептерге қажет. Ол оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Оқу-тәжірибе алаңында оқушы өсімдік өсіру арқылы табиғатты аялауға дағдыланады.

«Тілге құрмет-елге құрмет» тақырыбында топ әдвайзері Умиров Бауыржан Заитович ЖБЛ-312 тобымен ашық тәрбие сағаты өкізілді. Ел тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі. Тіл бар жерде ұлт бар. Ұлттың ұлт болып қалуы, оның болашағы, мемлекеттің әрі қарай өркендеуі бірінші кезекте оның ана тіліне байланысты. Тіл тағдыры - ел тағдыры. Тіл ұлттың ұйтқысы. Тіліміз – бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы. Ана тілін ұлықтап, оның мәртебесін арттырып отырған халықтың егемендігі баянды, тұғыры биік болады.

Тәуелсіз қазақ елінің мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі – халқымыздың баға жетпес байлығымыз, ұрпақтан ұрпаққа жеткен асыл мұрамыз. Ол өте бай, көркем тіл. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Туған тілге деген махаббат ешқашан өшпейді.

Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалады.



Ақпараттық технология дамып, заман өзгерді. Бұл өзгеріс тілге де өз әсерін тигізуде. Менің ойымша, оның бірінші себебі жетпіс жыл Кеңес Одағының отарын көрсек, екіншісі, көп ұлт өкілінің елімізде қоныстануынан. Бұл менің диаспораға қырын қарағаным емес, естіген құлақта жазық жоқ көшеде серуендей қалсаң неше түрлі тіл иелерінің диалогтарына куә боласың. Олармен қосылып өз қаракөздеріміз де өзге тілде үн қату көңілге қаяу түсіреді. «Өзінді өзің сыйласаң, жат жаныңнан түңілер» демей ме. Ана тілімізді әр қазақ баласы құрметтесе өзгелер өктем болар ма еді. Өкініштісі, өзге тілде сөйлесу қалыпты жағдайға айналып кетті. Қадір Мырзалиев «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей өзге тілді білген, үйренген жақсы. Оны «Бір тіл білсең – бір адамсың, екі тіл білсең – екі адамсың» деп Абай атамыз да айтқан. Бірақ өз тілімізді құрметтеуді аманаттаған да осы аталарымыз. Себебі біздің өзге елдерден негізгі айырмашылығымыз тіліміз бен мәдениетімізде.

«1 Қазан - қарттар күні» тақырыбында топ әдвайзері Умиров Бауыржан Заитович ЖБЛ 112 тобымен ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Қарттар күні – халықаралық мерекесі 1990 жылдың 14-інші желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясында ресми бекітілген. Халықаралық қарттар күні 1991 жылдан бері 1 қазанда тойланып келеді.

Осы күндері елімізде 2,3 миллионнан астам қарт бар. Аталған мерекенің мақсаты – қарттардың қоғам мен мемлекет алдындағы еңбегін құрметтеу, олардың мәселелері мен қажеттіліктеріне және өмір сапасын арттыруға назар аудару әрі қамқор болуды көздейді.

Жыл сайын аталған мереке күні құзырлы органдар және облыс, қала, аудан әкімдері қарттарды құттықтап жатады, түрлі форматта мерекелік шаралар ұйымдастырылып келеді.



Қария – ағып жатқан дария, телегей теңіз іспеттес. Ақсақал-әжелер - халықтың тұнып тұрған хаты. «Қарты бар елдің қазынасы бар» деген аталы сөз осыдан қалса керек.

Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әке шешесі және атасы мен әжесі секілді қымбатты «Қонағы» болса, ол үйіне олардың артық Құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойламасын, егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасаса, қартайған ата-анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

Қазақстанда жылда бұл күні қарттарымыздың ғұмыр бойы істеген ерен еңбектері мен мемлекетіміздің дамуына қосқан зор үлестерін жоғары бағалап, оларға сый-құрмет көрсетіледі.

Қарттары бар ел – бақытты ел, байыпты ел. Қай кезде де, небір сын сағатта да халқына сүйеу, жұртына қамқор болатын қарттарымыз аман жүрсін, ұрпағының қуанышына бөленсін!

III. Азаматтық –құқықтық тәрбие бағыты

Студенттер арасында білімгерлерге арналған «Адалдық кодекс» туралы ақпаратты кеңінен насихаттау жұмыстарын Кәрімжан Төлеу Мұратұлы ЖБИ-211 тобымен жүргізілді.



Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ

.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі — сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан

Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі..

«Тәуелсіз елім - Қазақстаным» тақырыбында Қалиева Нурзия Абдешовқызы ЖБЛ-012 тобымен ашық тәрбие сағаты өтілді.

Тәрбие сағатының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы туралы, оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру.
- Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, көрсету;
- Білімгерлерді өз елін сүйуге, қастерлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, өз ана тілін сүйуге, әдемі сөйлеуге үйрету.
- Білімгерлерге тәуелсіздіктің ұғымы түсіндіру.
- Еліміздің егемендік алғанынан бері жеткен жетістіктерін жеткізу.
-



«Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, қызы – қайратты, халқы – қаһарман» дегендей, біз, халық және өскелең ұрпақ, Тәуелсіз Қазақстанның болашағымыз. Ата – бабаларымыздың аңсаған арманы – тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп, еркін өмір сүріп жатқан біздер шынайы бақытты жандармыз. Ендігі мақсат, осы еркіндікті баянды ету және әрі қарай көркейту, дамыту. Ал, бұл - біздің қолымызда!

ТӘУЕЛСІЗДІК – мәңгілік елдің тұғыры!

Төртінші курс студенттерімен «Тәуелсіз елім - Қазақстаным» тақырыбы бойынша тәрбие сағатының мақсаты орындалды. Тәрбие сағатын өту барысында түрлі көрнекіліктер қолданылды. Іс-шара соңында қорытынды жасалып, келген қонақтарға сөз кезегі берілді.

«Өз үйім - өз қорғауымда» тақырыбында Сержанова Айкерім Ерғалиқызы ЖБЛ-011 тобымен ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты:

- экологиялық мәселелердің туындауын және оның адамзатқа тигізер кері әсерін ұғындыру

- қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту;
- шығармашылық қабілеттерін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру

Өнерге, мәдениетке, өткен тарихқа, отаншылдыққа өз көзқарастарын тәрбиелей отырып, отбасының алтын арқауы – негізі болуға үйрету. Қоршаған ортаны қорғауда өз үлесін қосу. Мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру.




Адамзат өркениеттің артықшылығын пайдалану үшін өзінің денсаулығын тәуекелге тігетінін біле бермейді. Бүгінгі таңда экология ең өзекті мәселе болып отыр. Соның ішінде Қазақстанның экологиялық проблемалары мен оны шешу жолдары да ғаламдық міндеттер қатарында. Әлемдегі ғылыми-техникалық прогрестің даму барысында қоршаған орта мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қарама-қайшылықтары айқын байқалады. Қазіргі уақыт адам баласының қоршаған ортасына бұрын-соңды болмаған іс-әрекеттермен ықпал ету ерекшелігімен сипатталып отыр. Соның салдарынан адамзат табиғатты өзгертудің келеңсіз нәтижелерін бастан өткеріп жатыр. Табиғатта болып жатқан өзгерістердің көбі адам қолымен жасалады. Мұның табиғатқа зиян келтіретін

келеңсіз жақтары көп. Осындай жайттардан табиғаттың өзара тепе-теңдік қарым-қатынасының бұзылуы ірі экологиялық апаттарға әкеледі.



Төртінші курс студенттері қоршаған ортаны қорғау тақырыбы бойынша қолдан жасалған көрнекіліктерін таныстырды. Қоршаған ортаны қорғау тақырыбында барлық курс білімгерлері арасында сурет салудан конкурс жариялап, комиссия шешімімен жүлделі орындарды анықтады.



IV. Рухани, адамгершілік тәрбие бағыты

«Ұстаз –ұлы тұлға» тақырыбында топ әдвайзері Калиева Нурзия Абдешқызы ЖБЛ-012 тобымен ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты:

- Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту.
- Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.

Ұстаздық өте жауапты мамандық екені баршамызға белгілі. Ол - мектептің де, қоғамның да, ғылымның да, білімнің де, ұлттың да, адамгершілік

пен ерліктің де, жақсы мінез бен ақындықтың да нағыз жанды өкілі. Үнемі бала көзінде болу, әрдайым жинақы, таза, әдепті жүруді талап етеді. Кез келген уақытта шәкірттің қандай да болсын сұрағына білімділікпен жауап беруге тура келеді. Оған нақты, дәлелді, сенімді, көркем, жүйелі, тартымды сөйлеу керек. Ұстаздың әділдігі, адалдығы, батылдығы, мінез сұлулығы, іс пен сөз бірлігі, шыншылдығы, ұстамдылығы күн сайын балалар тарапынан баға алып отырады.



Ұстаз - жас ұрпақты, жалпы адамды ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелейтін, білім беретін оқытушы. Қазіргі қоғамда оқу-тәрбие жұмысын жүргізуші маман педагог ұстаз деп аталады. Дегенмен, ұстаз ұғымы арнаулы білім, қажетті құжатқа байланысты емес. Үлгілі, өнегелі, өмір тәжірибесі бай адам ғана ұстаз бола алады.

Дәстүрлі Қазақ мәдениетіндегі рухани-ақылақтық тәрбие ісінде «Ұстаз - шәкірт» қарым-қатынасы кең тараған әрі ғылыми, ағартушылық, мәдени, кәсіптік тәрбие беру тәжірибесін рухани тәжірибемен ұштастырған ерекше жүйе болды.

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтып кеткендей білімді де білгір шәкірт тәрбиелеу ұстаздан басталары сөзсіз.

Төртінші курс студенттерімен «Ұстаз - мектептің жүрегі» тақырыбы бойынша тәрбие сағатының мақсаты орындалды. Тәрбие сағатын өту


барысында түрлі көрнекіліктер қолданылды. Іс-шара соңында қорытынды жасалып, келген қонақтарға сөз кезегі берілді.

«29-қазан Түркия Мемлекеті күні» мерекесіне байланысты іс-шара жүргізу топ эдвайзері Кәрімжан Төлеу Мұратұлы ЖБИ-211 тобымен жүргізді. Оқу ордамызда тамырлас Түркия мемлекетінің Республика күні мерекесі үлкен салтанатпен атап өтілді. Ұлық мерекеге арналған жиын ұлы көшбасшы Мұстафа Кемал Ататүрік пен қаруластарын және елдік мұрат жолында құрбан болған шейіттерді бір минут үнсіздікпен еске алу рәсімімен басталды. Тарихи күннің маңызына кеңінен тоқталып, ұлт боп ұйысып, іргелі ел болу – баға жетпес байлық екендігін айрықша атап өтті. Бүгінгі күннің тұтас Түркі әлемінің ортақ мерекесіне айналғаны турасында сөз сабақтады. Ғасырлық межеге таяған Түркия Республикасының ең ұлық мейрамы – Республика күнінің бағасын баяндады. Түркия Республикасының сындарлы тарихын таразылады. 1923 жылы 29 қазан күні елдің тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік Ата заңға өзгерістер енгізіп, Түркия Республикасы құрылғанын жариялады. Сондықтан түрік халқы бұл күнді қастерлеп, үлкен той-думанмен атап өтеді.



«Болашаққа үміт, жастарға сенім» тақырыбында топ эдвайзері Кәрімжан Төлеу Мұратұлы ЖБИ-111 тобымен ашық тәрбие сағатын өткізді. **Мақсаты:** Бүгінгі уақыт талабына сай, рухани бай, өздігінен шешім қабылдай алатын, білімімен қаруланған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу. Өрелі жас ұрпақтың бойындағы қасиеттерді өздерінің тіл шешендігімен дамыту; жетістікке жету жолдары туралы білімдерін кеңейту; қазіргі таңда студенттердің жақсы қасиеттерін, озық қабілеттерін кейінгіге үлгі ету.

1. Ұйымдастыру кезеңі: Студенттермен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық жағымды ахуал туғызу үшін «Арнайы тілек» әдісін пайдаланып, бір-біріне болашаққа жолдама беріледі.
2. Білімгерлерге ой толғату мақсатында «Байланыстар» әдісі арқылы ашық тәрбие сағатына байланысты термин сөздер беріліп, берілген сөздерге тақырыпқа сай өз ойларын білдіріледі.
3. Топ екі группаға бөлінді. 1-топ. Қазіргі білім беру бағдарламасының және инновациялық технологиялардың қолданылуын құптаса, 2-топ қарсы тараптарын талқылайды. Осылайша, топтар арасында «дебат» ұйымдастырылады.



Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады.

Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. ХХІ ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт деп ойлаймын. Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақ үшін ақтық демі қалғанша күресіп, бізге егемендік алып берді. Қазақ даласы ата-бабаларымыз ғасырлар бойы арман еткен және сол жолда зор құрбандықтарға душар болып, өз тәуелсіздігін жеңіп алды.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білгір жастардың қолында. Елдің ертеңгі сенімі де жастардың мойнында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. “Жастар-ел болашағы” деген сөздің мән-мағынасы терең болғандықтан жастардың дамуына көңіл бөлу керек. Жастарға сенім мол болса жастар да үмітті ақтайтынына сенімдіміз. Алдағы уақытта тәуелсіздігімізді тұғырлы етіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолымызда, яғни жауапкершілігімізде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беру керек. Санасы сергек, өзіндік мәдениеті бар және Отанының нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ.

Жастарды тәрбиелеу Қазақстан өзге елдермен тең дәрежелі қарым-қатынас жасау үшін ұрпағымыз білімді де,білікті болуы қажет. Жастар елдің болашағы,тірегі,елдің тізгіні солардың қолында.

Тек бізде ғана емес, әлем жұртшылығы жастардың алып күш иесі екендігін мойындап, олармен санасады. Сондықтан бір жылдың айтулы бір күнін арнайы жастар мерекесі етіп, күнтізбеде белгілеген. Яғни, 12 тамыз — Халықаралық жастар күні ретінде аталып өтіледі.

«Бүгінгі студент-ертеңгі маман» тақырыбында топ эдвайзері Балтабай Ербол Нұрсұлтанұлы ЖБЛ-212 тобымен ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты : Студенттік өмірдің қиындығы мен қызығын таныстыру, мамандық таңдау, оның адам өмірінде алатын орны, маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; әр мамандық иесіне тән қасиеттер мен ерекшеліктер, оны дамыту, жетістікке жету жолдары туралы білімдерін кеңейту; қазіргі таңда студенттердің жақсы қасиеттерін, озық қабілеттерін кейінгіге үлгі ету.

Сіздерді жоғары білікті маман болса және еліміздегі ақпараттық технологиялар саласының дамуына үлестерінді қосса дейміз. Ал білімін әрі қарай ұштап, оны ғылыммен байланыстырамын дейтін түлектерге магистратура мен аспирантура толық мүмкіндік береді. Кейбір оқушылар ізденістерге қадам жасайды. Олар ақпарат алмасу ұстанымдарын қорғау үшін өздері жасап жатқан жобалар мен нұсқауларды ғылымға енгізуге талпынады.

Қазіргі заман талабына сай, бүгінде ақпараттық технологиялар даму үстінде. Бәсекеге қабілетті болу үшін елімізде техникалық мамандарды көбейту қажет. Сол себепті мемлекет тарапынан жоғары оқу орындарына қолдау жылдан жылға көбейтіп, шәкіртақы да өсіп отыр. Жақсы оқимын, білікті маман боламын деген талапкерге жоғары оқу орындарында материалдық база мол мүмкіндік береді.

Ал оқу – оқушының өз қолында, талап-тілегіне, ізденісіне байланысты. Егер оқушы қауымының белсенділігін, ізденімпаздығын, кез келген ортаға бейімділігін ескерсек , қай заманда болмасын олар қоғамның үлкен қорғаушы күші.





Қорытынды : Еліміздің өсіп-өркендеуі жолындағы мемлекеттің алдағы уақытта жетер жетістігі мен алар асулары осы жастарымыздың қолында. Сондықтан да Ұлт Көшбасшысы жастарға саналы білім, сапалы тәрбие ала отырып, салауатты өмір сүруге шақырады.

Ел болашағы – білімді де білікті жастардың қолында екенін естен шығармауымыз қажет. Жастарға осы жолдан тайынбай, еліміздің үміті мен сенімін ақтар сауатты тұлғасы болып қалыптасуларына тілектеспіз!

«Құстар – біздің досымыз» тақырыбында Дуйсебекова Алия Макулбековна ЖБИ-111,112 топтарымен ашық тәрбие сағатын өткізді. Біздің халқымыз кең далада, табиғат құстары бай далада өскен. Бүгінгі «Құстар – біздің досымыз» атты тәрбие іс-шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер.



1-сәуір десе , ойымызға Күлкі күні оралатыны анық. Сонымен бірге

бұл күні әлем жұртшылығы Құстар күнін де атап өтеді. 1906 жылдың 1 сәуірінде құстарды қорғау туралы Халықаралық конвенция қабылданған болатын. Қазір аталған құжатты әлем елдерінің барлығы дерлік қолдады. Ежелгі халықтардың туған топырақ, атамекен, табиғат, жан-жануарлар туралы ұғым-түсініктері, таным-талғамдары ырымдар мен тыйым сөздерден ерекше орын алған. Олар негізінен жер мен суды, өсімдіктерді, құстар мен жануарларды, аңдар мен жәндіктерді қорғауға, оларға рақымшылық етуге, обал, сауап дегенді сезінуге тәрбиелейді. Құс - табиғат, өмір көркі. Халық шебер әншісін бұлбұлға, ардақты азаматын сұңқарға, қас сұлуын аққуға, өз жігітін жапалаққа теңеген. Ертеде байлар мен патшалар, хандар бұлбұлды бағында сайратып, тотыны үйінде ұстаған, аққуды көлінде жүздіртіп, сұңқарды қолына қондырған. Құс барлық пен байлықтың, әсемдік пен сұлулықтың белгісі болған.

V. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

«Нашақорлық және ЖИТС ғасыр індеті» тақырыбында топ эдвайзері Ибрагимова Эльмира Коңыратбайқызы ЖБТ-211.311 топтарымен ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты студенттерге ЖИТС ауруының зиянын, нашақорлықтың салдарын түсіндіру. Әр түрлі мәселелер. ЖИТС-тің алдын алу, оның белгілері, нашақорлықтан аулақ болу. Кез-келген аурудан сақ болу үшін салауатты өмір салтын сүрі, үнемі таза болу, пайдалы тағам жеу, спортпен айналысу, бос уақытын бос кетірмеу.

Топ эдвайзері Э.Ибрагимова: Нашақорлық-наркомания (грек тілінен нарке – мелшию және тапіа – ессіздік, құтырыну) – есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына қауіп төндіретінін атап өтті. Есірткісіз қоғам құру – Қазақстанның әрбір азаматының алдындағы міндет. Есірткіні қолданатындардың әлеуметтік сипаты да өзгерді, бүгінгі күнге олардың қатарын орташа және тіпті жақсы қамтамасыздандырылған отбасылардың балалары толтырып отыр. Осы орайда аса қажетті шара бұл заңнаманы күшейту. Халықаралық тәжірибе бүгінгі күні есірткімен күресуде қылмыстық шараларды қатаң қолдануды талап етеді.



«Нашақорлық және ЖИТС ғасыр індеті» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтілді. Сабаққа ЖБТ-211 тобының студенттері өте белсенді түрде қатысты. Барлық студенттер сөз сөйледі. Сабақтың мақсаты жүзеге асты деген ойдамыз.

Жатақханада **«Дүниежүзілік ЖИТС-ке, нашарқорлыққа, темекі тартуға қарсы»** атты ашық тәрбие сағатын топ әдвайзері Абишова Гулжан Орынбасарқызы ЖБЛ-314 тобымен өткізді.

Мақсаты:

1. Студенттерге темекі, арақ, есірткі, СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барыша аулақ шақыру, сана сезімдерін дамыта түсу
2. Студенттерге ЖИТС ауруының адам өмірі үшін қатерлі, жұқпалы екенін және одан сақтану жолдарын түсіндіру
3. Студенттерді ЖИТС немесе ЖЖБА-дан сақтану әдістерін үйрету, төтенше жағдай кезінде дұрыс шешім қабылдай білу қабілеттелігін дамытатын қажетті білім, білік, дағды қалыптастыру

Кіріспе әңгіме.

Елбасының «Қазақстан-2030» Жолдауы негізінде салауатты өмір салтын қалыптастыру және осы тәрбиені келешекке жеткізу біздің қолымызда тұрған үлкен мәселе. Бұл сабақта қазір елімізде таралып жатқан, Қазақстан Республикасының әрбір азаматын ойландыратын ЖИТС дерті жайлы сөз болмақ.

I-бөлім «Конференция түрінде өткен сабақта пікірталас, сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Бүгінгі тәрбие сағатымызға өз ой пікірлеріңізді ортаға салыңыздар

Бәрін бастамас ұрын мына сөздерге назар аударайық

- ТЕМЕКІ
- АЛКАГОЛЬ
- ЕСІРТКІ

Осының әрқайсысына көңіл бөліп қарастырсақ, бұлар бір-біріне тығыз байланысты. Әрқайсысына тоқталып өтсек. Алғаш рет темекі тартқанда уланады, басы айналады, жүрегі қағады, құсады, қол-аяғы дірілдейді. Темекі тыныс алу мүшелерінің бәріне зиянды әсер етеді. Никотин тыныс алу жолдарының сілемейлі қабықшасын тітіркендіріп, оны қабындырады. Никотин қан тамырларын тарылтады. Бұл ауа тамыр және өкпе, рак ауруларына шалдықтырады. Шылым шегетіндердің 97% өкпе рагымен ауырады. Темекі түтіні өкпе тарамдарымен тыныс жолдарын бітеп, адам ағзасына қажетті оттекті мөлшерімен қамтамасыз ете алмайды. Радиоактивті заттар да бар. Күніне 1 қорап темекі тартқан адам жылына өкпесіне 1 литр қара май жинайды. Өкпенің қатерлі ісігімен ауыратындардың 80% темекі тартатындар. Бүкіл дүние жүзінде 1

миллиард адам темекі тартады. Темекі зардабынан жылына 25 мың адам қайтыс болады. Жүрек ауруына шалдыққандардың өлімі 20% . Қатерлі ісік ауруынан болатын өлім 30%, өкпе рагы 90% темекі зардабынан болады.

II-бөлім « Құқығыңды білесің бе? Бөлімі бойынша сұрақ жауап әдісі.

1. Сенің достарыңның бірі темекі шегеді. Ал сенің темекі шеккің келмейді, сол үшін олар сені шеттете бастайды. Сен олардан бөлініп кете алмайсың. Не істер едің, әлде қойдырудың жолын іздестірер ме едің?
2. Сіздің қаңсырап жатқан адамға бірінші көмек көрсетуіңіз қажет. Сіз не істейсіз? Көмек көрсететін адамға ұсыныс: Жараны таза ,қалың матаме қатты танып байлаңыз. Қан сіздің көзіңізге, аузыңызға немесе зақымдалған теріңізге түспеуін қадағалаңыз. Қан аққан жерден жоғарырақ таңбаны тағу керек. Шұғыл түрде медицина қызметкерімен байланысыңыз. Дәрігерлік қызмет көрсеткеннен кейін қолдарыңызды сабынмен мұқият жуыңыз.
3. Сенің достарыңның бәрі темекі шегеді, бірақ сенің темекі шеккің келмейді. Достарың сені темекі шегуге итермелейді, сен достарыңды да қиғың келмейді. Не істер едің?





Қорытынды:

Қорыта айтқанда әрбір адам аурудың алдын алу үшін ауырмай тұрып, ауырмайтын жол іздеу керек. Салауатты өмір салтын ұстану, жеке бастың тазалығын сақтау арқылы айналасындағыларға дерттің алдын алуға мүмкіндік жасайды.

«ГМО: Ғасырдың ұлы жетістігі ме, әлде ұрпағымызға төнген қауіп пе?» тақырыбында топ эдвайзері Ибрагимова Эльмира Коңыратбайқызы ЖБЛ-011Ф, ЖБТ-211 топтарымен ашық тәрбие сағатын өткізді.

Білімгерлермен «ГМО: Ғасырдың ұлы жетістігі ме, әлде ұрпағымызға төнген қауіп пе?» атты оффлайн форматта дөңгелек үстел өтті. Студенттердің жеке жеке пікірлері айтылды. Сабақтың мақсаты Студенттердің ГМО қолдану мүмкіндігі туралы хабардар болуын арттыру, ГМО ұғымымен таныстыру, әлеуетін қарастыру, ГМО артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылау. «ГМО: Ғасырдың ұлы жетістігі ме, әлде ұрпағымызға төнген қауіп пе?» тақырыбында ақпараттық брошюра дайындалды, мазмұнында ГМО-ның артықшылықтары мен кемшіліктері бар қысқаша сипаттама көрсетілді. Сондай-ақ QR кодының астында факультет студенттерінің қысқаша сауалнамасына және біздің факультет студенттері жазған мақалаларға сілтеме орналастырылған. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, студенттер аштықты шешу үшін ГМО-ны қолдануға оң көзқараспен қарайтыны, жалпы мәселеге болашақ биотехнологтар ретінде ат салысатының жайлы пікір білдірген.



Топ әдвайзері Э.Ибрагимова: Иә, оның ағзаға зиянды екені туралы естіген болармыз, бірақ, адам денсаулығына қаншалықты қауіпті екенін бәріміз біле бермейміз, білген күнде мән бермейміз. Өйткені бүгінде кез келген дүкенде самсап тұрған тағамдардың 50-70 пайызы осы ГМО қосылған өнімдер. Ендеше өз ағзамызды қалай улап жатқанымыз жайында бірер сөз қозғасақ... Кім біледі кейбіреулерге мұның пайдасы тиіп қалар 2015 жылғы зерттеу нәтижелері бойынша, шамамен 10 ғалымның 9-ы ГМО-ны жалпы қауіпсіз деп санайды. Дегенмен, зерттеуге қатысқандардың жартысынан көбі ГМО ингредиенттерін жемеуді қолдады. Тіпті бүгінде құрамында ГМО бар тағамдарды таңбалау мәселесі талқыланып жатыр. Өйткені бұл мәселе азық-түлік компанияларының нарықтағы үлесіне айтарлықтай әсер ететін сияқты. ГМО өндіру мен тұтынудың жерге және адам ағзасына ұзақ мерзімді әсері әлі де зерттелуде.. Сауалнаманы талдау кезінде 1-2 курс студенттерінің гендік модификацияланған азық-түліктер туралы естіп, білгендері 40% (пайызды) ал, 3-4 курс студенттері 60% (пайызды) құрды.



Гендік модификацияланған азық-түліктер ХХ ғасырдың биология саласындағы үлкен жетістігі. Бірақ, негізгі сұрақ- осы азық-түліктердің адам ағзасына әсері болып отыр.

Іс-шара соңында ұсыныстар көрсетілді:

Мұндай іс-шаралар студенттердің ГМО, ГМӨ және жалпы ГМТ туралы хабардарлығын арттыру үшін жүйелі түрде жүргізілуі керек.

«Цифрлық технология заман талабы ма, дерті ме» тақырыбында топ эдвайзері Әзімбай Абылайхан Исаханұлы ЖБИ-112 тобымен ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Студенттерді цифрлық технологиялардың пайдасы және зиянымен таныстыру, жүйелеу. Студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туралы түсініктерін кеңейту; мобильді және компьютерлік құрылғылар кейбір белгісін әрі мүмкін емес деп ойлаған дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап көрсету; өмірде цифрлық технологияны саналы түрде қолдана алатын тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету.

«Квест» әдісі

Тапсырма: Студенттер кедергілерден өту арқылы сұрақтарға жауап береді.

Әдістің мақсаты: студенттердің цифрлық технологияларды қолдануға қатысты сыни ойлауын дамытуға, олардың қоғамға оң және теріс әсерін талқылауға, цифрлық дәуірде талдау, бағалау және саналы шешім қабылдау дағдыларын дамыту; қазіргі әлемдегі цифрлық технологияларды қолданудың өзекті мәселелеріне студенттердің назарын аудару; этикалық, қауіпсіздік және құпиялылық принциптерін құрметтеу үшін цифрлық құралдарды ақпараттандырылған және жауапкершілікпен пайдалануға жәрдемдесу.





Цифрлық технологияның біздің өмірімізге қосқан оң үлесін жоққа шығара алмаймыз. Олар біздің мүмкіндіктерімізді кеңейтеді, әлемді қолжетімді және қызықты етеді. Олар біздің оқу, жұмыс істеу, қарым-қатынас жасау тәсілін өзгертті. Білім беру процесінде олар бізге үлкен деректер қорын, онлайн курстарды және бүкіл әлем бойынша оқытушылар мен студенттермен байланысу мүмкіндігін ұсынып, білім әлемінің есігін ашты. Дегенмен, оның барлық артықшылықтарына қарамастан, цифрлық технологияның қауіпті жақтарын елемегуге болмайды. Олар тәуелділікке айналуы мүмкін, олар біздің жеке байланыстарымызды бұзады және бізді шынайы әлемнен алшақтатады. Олар біздің жеке өміріміз бен қауіпсіздігімізге қауіп төндіруі мүмкін. Ең бастысы, олар біздің психологиямызды өзгерте алады, бұл бізді үстірт және ашуланшақ етеді. Сондықтан цифрлық технологияларды пайдалануға саналы және жауапкершілікпен қарауымыз керек. Біз цифрлық және нақты әлем арасындағы тепе-теңдікті таба білуіміз керек. Технологиялық алпауыттардың ойынында пешкаға айналмау үшін сыни ойлау мен сананы дамытуымыз керек. Достар, түптеп келгенде технологияны емес, технологияны басқаратынымызды ұмытпайық. Оларды игілікке пайдаланайық, бірақ адамгершілікті ұмытпайық дей отырып студенттерді цифрлық технологиялардың тек пайдалы тарапын алуға шақырды.

«Қоршаған ортаның жаһандық мәселелері» тақырыбында топ эдвайзері Аймбетова Индира Оразгалиевна ЖБТ-111 тобымен ашық тәрбие сағатын өткізді.

«Адамзат өркениеттің артықшылығын пайдалану үшін өзінің денсаулығын тәуекелге тігетінін біле бермейді. Бүгінгі таңда экология ең өзекті мәселе болып отыр. Соның ішінде Қазақстанның экологиялық проблемалары мен оны шешу жолдары да ғаламдық міндеттер қатарында. Әлемдегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуы барысында қоршаған орта мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қарама-қайшылықтары айқын байқалады.

Қазіргі уақыт адам баласының қоршаған ортасына бұрын-соңды болмаған іс-әрекеттермен ықпал ету ерекшелігімен сипатталып отыр. Соның салдарынан адамзат табиғатты өзгертудің келеңсіз нәтижелерін бастан өткеріп жатыр. Табиғатта болып жатқан өзгерістердің көбі адам қолымен жасалады. Сондықтан бірінші кезекте қоршаған ортаны қорғауды өзімізден бастайық!»



«Күн өткен сайын дүние жүзінде қоршаған ортаны бүлдіру арқылы қоғам өз келешегін жоятынын мойындау түсінігі қалыптасып келеді. Адамдар өзінің техникалық жабдықталу жетістіктерімен орасан күшке ие болды. Ал шексіз кеңістік болып есептеліп келген Жер шары шектеулі, оның ареалы тез тарылып қана қоймай, бірнеше сағатта жоқ болатын осал шарға айналған дәуірде өмір сүріп жатқанымыз көзі ашық, көкірегі ояу жандардың бәріне мәлім. Табиғат пен адамды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Табиғаттың адам тіршілігіне әсері көп. Бұл тұста «Жаңаның бәрі жақсылық емес», деген сөздің растығына көз жеткіземіз.»

«Ерте заманнан-ақ адамдар табиғат ресурстарын өз керегіне жаратып келеді. Бірақ ол кезде табиғат байлықтары мол, ал оны жұмсау аз болғандықтан адамдар оның орнын толтыру, қалпына келтіру сияқты мәселелерге көп көңіл бөлмейтінді. Кесілген ағаш орнына бірнеше жылдан соң басқа ағаш өсіп, ауланған балық орнын уылдырықтан өскен басқа балықтар толтырып, лайланған сулар өзен, көл, теңіз суларымен араласып тазарып жататын. Адамнан келген залалды табиғат өз күшімен жойып, біртіндеп қалпына келетін. Алайда ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерімен қаруланған адамдардың іс-әрекеті миллиондаған жылдар бойы қалыптасқан осы теңдікті бұзып, қоршаған ортаны күл-қоқысқа толтырып, енді адамның өз өміріне қауіп төндіре бастады. Табиғи ортаны бұзу мен бүлдірудің мөлшері өте үлкен болғандықтан жасалған зиянды табиғат өз күшімен жоя алмайтын, өздігінен бұрынғы қалпына келе алмайтын күйге түсті. Өйткені табиғат ресурстарын пайдаланғанда адам алдына белгілі бір мақсат қояды, соған тезірек жету жолын ойлайды. Бірақ осы орындалған мақсат қоғамға, табиғатқа қандай, ойға келмеген залал әкелетінін ескермейді. Осы кезекте білімгерлердің қоршаған

ортаның жаһандық мәселелері туралы сыни ойлауын дамытуға, олардың қоғамға оң және теріс әсерін талқылауға, цифрлық дәуірде талдау, бағалау және саналы шешім қабылдау дағдыларын дамыту, қазіргі әлемнің экологиялық өзекті мәселелеріне студенттердің назарын аудару, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу мақсатында жүргізілген ашық тәрбие сағатымыз өз мақсатына жетті.

«Біз салауатты өмір салтын тандаймыз!» тақырыбында топ әдвайзері Кәрімжан Төлеу Мұратұлы ЖБИ-211 тобымен ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Студенттерді адам денсаулығына кері әсер ететін факторлармен, салауатты өмір салты ережелерімен таныстыру, еске салу, жүйелеу, орындауға ынталандыруға ұмтылу. Студенттердің салауатты өмір салты туралы түсініктерін кеңейту; салауатты өмір салтын ұстану қажеттігін атап көрсету; әртүрлі аурулардың алдын алу мақсатында; жан-жақты және салауатты тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.



Қорытынды : Адамға берілген ең құнды дүние- бұл оған берілген өмір, ал өмірдегі ең бағалысы- бұл денсаулық. Сөздікте денсаулық ұғымына мынадай анықтама беріледі: «Денсаулық- бұл тек қана аурудың жоқтығы емес, ол адамның физикалық, әлеуметтік және психикалық саулығы».

Денсаулыққа көптеген факторлар әсер етеді: тұқым қуалаушылық, денсаулық сақтау, қоршаған орта және т.б. Алайда 50%-дан көп әсер ететіні бұл салауатты өмір салтын ұстану. Ұмытпаңыз, сіздің денсаулығыңыз сіздің қолыңызда. Сондықтан салауатты өмір салтын ұстаныңыз және сау болыңыз!

«Тіршілік талабы-Тазалық» тақырыбында топ әдвайзері Әзімбай Абылайхан Исаханұлы ЖБИ-112 тобымен ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Адамзат бойында жан және тән тазалығы орын алады. Соның ішінде тән тазалығы ерекше маңызға ие. Оқушыларды тазалыққа, тәртіпке шақыра отырып, оның өмірдегі, денсаулыққа өте маңызды әсер ететінін түсіндіру, үйрету, тәрбиелеу.



Кіріспе : Қоғамның тазалығы әрбір адамның өзінің жеке тазалығына мән беруінен басталады. Тазалық дегенде моншаға кіріп шығуды, ғана түсініп қалмайық. Әр нәрсенің тазалығы бар. Тазалық-адамның рухани, мәдени жетілу деңгейінің, кісілігі мен тәрбиесінің маңызды көрсеткішінің бірі. Ол —адамның денсаулығы, өң түсінің шырайлылығы, өмір жасының ұзақтығы, тұла бойының сәнділігі, өз қадыр-қасиетін бағалауы, айналасына тартымдылығы, сүйкімділігі деген сөз.

Адамдардың бір-бірімен жақсы қарым-қатынасындағы шынайы адамгершілігін сипаттап «Жаны таза», «Ойы кіршіксіз», «Ниеті таза», «Ақ пейіл» сияқты сөздермен бағалай білген. Тұрған ауылы мен қала көшелерінің тазалығын мақтанышпен әспеттеп «Таза қалам» деп, атаған.

Шығыс өркениеті - жер бетіндегі ең көне өркениеттердің бірі. Олардың ойшылдары айтқан әрбір сөз қазіргі таңда көптеген адамға өмірді тануға

көмектесуде. Осы сөзімізді растау үшін бүгін біз сіздерге шығыс халқының тазалық туралы айтқан жеті ережесін ұсынамыз.



Қорытынды : «Денсаулық – әлеуметтік байлықтың негізі», «Бірінші байлық - денсаулық» дегендей денсаулықтан артық байлық жоқ. Осы қымбат та асыл байлығымызды қалай сақтауымыз қажет? Міне, құрметті ұстаздар, оқушылар, біз бүгін осы аталған мәселелер төңірегінде біраз сөз қозғамақпыз. Бүгінгі сабағымыздың мақсаты – оқушыларға «Бірінші байлық – денсаулық» деген ұғымды кеңінен түсіндіре отырып, салауатты өмір салтын насихаттау. Сырт тазалығына ғана мән беріп, ішкі дүниесі надандықпен, мақтангершілікпен, екіжүзділікпен, үлкен күнәлармен толтырған адам екі дүниенің рахатынан құр қалады. Аяқтың жерде із қалдыратыны сияқты, тілің жүрегіңе сондай із тастайды. Ешкімді жарақаттамай, ғайбат-қиянатсыз таза өмір сүрген адам қандай бақытты.

«Экология және біз» тақырыбында топ әдвайзері Кәрімжан Төлеу Мұратұлы ЖБИ-111 тобымен ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Студенттерге қоршаған ортаның сапасы және ластануы туралы, сыртқы ортаның барлық факторларының бір-біріне байланыстылығы, оның ішінде біз және табиғат байланыстылығын білуге үйрету. Бүгінгі ашық тәрбие сағатымыздың тақырыбы – Біз және экология. Бұл ашық тәрбие сағаты арқылы өз Отанымызды құрметтеп, өз жерімізді ластанудан қорғауға ұмтылып, экологиялық апаттардың болдырмау салдарын өз бойымызға игеру.

Экология — грекше *oikos* -үй, тұрақ, мекен, *logos* - ғылым «мекен еткен табиғи орта туралы білім» деген мағынаны білдіреді. Ең алғаш 1866 жылы экология терминін неміс биологы Ә.Геккель ұсынып, оның анықтамасын берген. «Экология – тірі организмдердің бір — бірімен қарым – қатынасын қоршаған ортамен байланыстырып зерттейтін ғылым, Қазақстанның жоғары оқу орындарында 1970 жылдан бастап «Экология» және «Табиғат қорғау» курстары оқытыла бастады.

Қазіргі кезде экологиялық білім мен тәрбие беру ең негізгі мақсаттардың бірі. Біз білімгерлерге экологиялық білім бере отырып экологиялық сананы, тәрбиені қалыптастыруымыз керек. Жалпы айтқанда, экологиялық мәдениетті жасаймыз. Экологиялық мәдениет – қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен экологиялық білімнің қалыптасуына, дамуына, үздіксіз жетіле беруіне ықпал ететін, сана мен тәрбиенің рухани құндылық жиынтығы. Экологиялық білімі мен тәрбиесі аз адамда экологиялық сана болмайды, экологиялық сана төмен адамда қоршаған ортаға деген жанашырлық болмайды. Сондықтан экологиялық тәрбиені бесіктен белі шыққаннан бастап, есі кіргенде санасына қалыптастыру, яғни төменнен жоғары қарай сатылай дамыту керек. Табиғатты қорғау – бәріміздің борышымыз.



Қорытынды : Қорыта келгенде, адамның табиғатсыз тіршілік ете аламайтынына көз жеткіздік. Табиғатты сүйе білу үшін табиғат туралы ақпараттарды көбірек білу керек. Әрқашан табиғатқа қамқорлық керек. Оған селқос қарайтын адамдар да бар. Мысалы: сөндірілмей тасталған шырпы жайқалып тұрған орман тоғайды құртып жіберуі мүмкін. Мұндай жағымсыз әдеттерден өзімізді аулақ ұстайық, табиғатты аялайық! Табиғатты сүйе білмеген, туған жерін, елін де сүйе алмайды.